



№ 7/2005 от 27.11.2014

**Ақжайық ауданының әкімі
М.Сердалинге**

Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Сізге «БҚО Ақжайық ауданының Қарауылтөбе ауылы су құбырын қайта құру құрылысы» жобасына сәйкес, қосымша ауыз су ұңғымалары қазылуы тиіс 5 гектар жер учаскесі Тайпақ орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік орман қоры жерлеріне жататындығын хабарлайды.

Мемлекеттік орман қорының жерлері санатынан басқа санатқа ауыстыруды Қазақстан Республикасы Орман Кодексінің 51-бабына сәйкес мемлекеттік орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыруды және (немесе) мемлекеттік орман қоры жерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюды Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 18-02/45 «Орман қор жерлерін орман қоры шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру» Ережесіне сай жүргізілетінін қаперіңізге саламыз.

Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Тайпақ орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытындысы негізінде 5 га мемлекеттік орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санатқа ауыстыруға келісім береді.

Басқарма басшысы



М.Мулдашев